

Шахтинск қаласының аумағында жолаушылар мен багажды қалалық қатынаста автомобильмен тұрақты тасымалдауға сараланатын тарифті белгілеу туралы

Қарағанды облысы Шахтинск қаласының әкімдігінің 2025 жылғы 24 сәуірдегі № 19/01 қаулысы

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы қаулы 12.05.2025 бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасының "Автомобиль көлігі туралы" Заңының 19-бабына сәйкес, Шахтинск қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шахтинск қаласының аумағында жолаушылар мен багажды қалалық қатынаста автомобильмен тұрақты тасымалдауға келесі мөлшерде сараланатын тариф белгіленсін:

- 1) Интернет желісі және ұялы байланыс құрылғыларын қоса алғанда, электрондық төлеу жүйесі арқылы жол ақысын қолма-қол ақшасыз төлеу кезінде - 80 (сексен) теңге;
- 2) жол ақысын қолма-қол төлеу кезінде - 150 (жүз елу) теңге.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Шахтинск қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы 2025 жылдың 12 мамырынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Шахтинск қаласының әкімі

М. Кыдырганбеков

"КЕЛІСІЛДІ"

Шахтинск қалалық
мәслихаты